

Бақытқожа Рұстемов

Назым Хикмет





**БАҚЫТҚОЖА РУСТЕМОВ**

# **НАЗЫМ ХИКМЕТ**

**Астана – 2012**

УДК 821.512.0  
Р90

**Р90 Рұстемов Бақытқожа. Назым Хикмет. – Астана, 2012. 288 бет.**

ISBN 978-601-06-1818-3

Түркия әлемге көптеген ұлы ойшылдарды берген ел. Қазіргі кезде солардың бірі, түркі халқының ұлы перзенті, әлемдік әдебиеттің көрнекіті өкілі – Назым Хикмет Ран. Ол есімі дүниежүзіне кеңінен танылған ақын, жазушы, сценарист, драматург және қоғам қайраткері. Түркияның алмағайып заманы поэзиясының, еркін өлеңді құрастырудың негізін қалаушы. Назым Хикмет көзінің тірісінде-ақ анызға айналып үлгерген еді. Оның өлеңдеріне көптеген тілдерде, әлемнің көптеген елдерінде әндер жазылған. Алайда әділдік пен демократия жолындағы талмас құрескердің бүкіл іс-әрекеттері қай кезде де адамзат баласының игілігі болып қалауы туіс.

Айрықша атап айтартығы сол, еліміз егемендік алғалы бері, соңғы 20 жылдың ішінде бұл шығарма Назым Хикмет пен оның өлеңдері туралы алғашқы кітап. Кітапқа енген өлеңдердің арасында бұрында кеңес дауірінде оқырмандардың назарына ұсынылғандары мен қатар бірінші рет аударылып қалың оқырманға ұсынылып тұр.

Кітаптың авторы Қазақстандағы Түркияның Төтенше және Өкілетті Елшісі Лале Улькер ханымның осы есімі анызға айналған адам жайлы кітапты жазып шығу туралы ұсынысын өзінің жан қалауымен, жүрек қалауымен қолға алған еді.

Ендігісі – оқырманның өз бағасы.

УДК 821.512.0

ISBN 978-601-06-1818-3

© Рұстемов Б., 2012



Назым Хикмет  
(1902-1963)

## **Біздің Назым Хикмет**

Соңғы бірнеше жыл бойына мені шет мемлекеттер елшіліктері өздерінің өткізіп жатқан мәдени шараларына шақырып тұрады. Сонда олардың шығармашылық зияткерлер өкілдерімен, атап айтқанда, қазақ жұртының жазушыларымен кездесуге құштар екендігі, бірақ олармен кездесудің сәті әрдайым түсे бермейтіндігі жайлы талай рет естідім. Оларға мені өздерінің алдарында қазақ жазушысы, публицист тұрғандығын таныстырғанда шетелдік дипломаттар жанданып сала береді. Мұндайда: қазақ халқының мәдениеті, дәстүрі, экономикасы, тарихы және тағы басқалары жайында бірден сөз өрбиді. Өйткені осы кездесулерде қасымдағы әрқылдықтар өкілдерімен әлемдік әдебиет, әлемдік тарих, әлемдік экономика, болмаса қандай да бір ел, тағы басқалар жайында пікірлесуге тұра келіп жатады.

Елшілік өзіне мейман ретінде немесе салтанатты шараларды өткізген кездерде қабылдауға шақырады. Сонда олардың біздің елімізге деген айрықша қызығушылығы ерекше аңғарылып тұрады. Себебі, олар өз мемлекеті іссапарға жіберген ел туралы мүкіндігінше көбірек білуғе мүдделі. Осындай әңгімелесулердің барысында елшіліктер өкілдерінің, бірінші кезекте, біздің елімізде, және де әлемде болып жатқан оқиғалар жайында менің жеke пікірімді білгісі келетіндігін сезінбей қалған емеспін. Олардың маған қойған сұрақтарына тоғымды жауап қайтарғаныма ризашылық білдіргендігін де талай рет байқадым. Оның үстіне олар маған қарал қазақстандықтардың өресі қандай деңгейде екендігін таразылайтындығын да сезінбей қалған емеспін. Орыны келгенде, оларға бар болмысыммен, жетістігіммен өз елімнің отаншыл перзенті екендігімді сездіріп қалуға тырыса-мын. Олардың көздерінен: “Қазақ елінің қарапайым азаматы осын-дай болса, сындарлы, жалпы жұртқа таныimalдары, елге еңбегі сіңген қайраткерлері мен халық жазушыларының өресі қандай болғаны?” – деген көңілдегі сұрақтары танылып тұрады.

Ресми, салтанатты қабылдауларға, негізінен, өздері болатын елге аккредиттеген барлық мемлекеттердің Елшілері шақырылады. Мыса-лы, кез-келген елдің Тәуелсіздік күніне арналған салтанатқа Қазақстан жағынан елдің мемлекеттік органдары өкілдері құттықтаумен келеді.

Мәселен, 2009 жылы Қытай Халық Республикасының 60 жылдығы күрметіне ұйымдастырылған салтанатты қабылдауға Қазақстандағы Қытай Елшісі Сенат Спикері Қасымжомарт Тоқаевты, ҚР Сыртқы істер министрінің Бірінші орынбасары Нұртай Әбіқаевты арнайы шақырды. Қазақстан жағынан арнайы ресми түрде шақырылған аздаған меймандардың арасында мен де болдым. Меймандардың көпшілігі әртүрлі мемлекеттер Елшіліктерінің өкілдері еді.

2010 жылы менің Латын Америкасы халықтарына арналған қазақ тіліндегі үш томдығым жарық қөрді. Кітаптардың тұсаукусері Чили және Куба дипломаттарының бастамашылығымен өткізілді. Бұл еңбекте біздің халықтарымыз арасындағы достық қатынастарға елеулі үлес қосып жүрген дипломаттар жайында жан-жақты баяндалатын өзімнің де мақалаларым бар. Бірде дипломаттардың бірі егер мен өз еңбектерімді елшіліктерге, атап айтқанда, менің кітаптарымда есімдері сөз болатын адамдарға сыйға тартсам, бұл онды үрдіс болар еді дегенді де айтқан еді.

Өзімнің кітаптарымды тапсырудың кезекті бір сәтінде Қазақстандағы Түркия Елшісі Лале Улькер ханым Назым Хикмет туралы тақырыпты қозғады, соны жазуға ұсыныс білдірді. Ұят та болса шынымды айтайын, бұл жайында ұмытып та кеткен едім. Оны неге ұмытып кеткенімді кейінірек айтамын. Бірақ, араға біраз уақыт сала, осы бір тамаша адам, Түркияның ұлы перзенті әрі өзіміздің қандасымыз саналатын Назым Хикмет жайында кітап жазуға құлышына кірістім. Өйткені біздер бауырластармыз – тегіміз түркілер. Біздер өзінің тамыры сан ғасырлар мен мындаған жылдар катпарына терең бойлаган үлкен Өмір деп аталағын алып бәйтеректің бұтақтарымыз. Өткенінді білмесең – қазіргі қалпынды да бағалау былай тұрсын, болашағынды да болжай алмайсың. Тек арттағыға көз жібере отырып, адам өткеннің тәжіриbesі арқылы жаңылыс қадамдар жасаудан сақтанаады. Біздің бауырларымыз – түркілердің өздерінің ата-бабаларының кіндік қаны тамған жерді – қазақ жерін, байырғы ұлы оғыз даласын сондай бір асқан сағынышпен еске алғандарын талай рет естуіме тұра келді. Осыны есімі қөпшілікке танымал түрік фотографы Рех Биллірдің сурет көрмесі өткізілген кезде Түркия Парламентінің депутаты Мехмед Чичектің де ауызынан естіген едім.

Енді Хикметті неге ұмытып кеткеніме оралайын. Әрбір адамның өмірінде соншалықты ауыр емес, бірақ салмагы жан азабына айналатын, өмір мен өлім арасындағыдай қиналысты күндер болады. Тек осындағы сәттерде Алла өзіне сенетіндерге ғана “көмек қолын” созады. Егер де жайсыз жағдай бір ай немесе бір жыл емес, ұзаққа созылса, оның ақыры жақсылыққа апармайды. Мен осыған дейін де өзімнің кітаптарымда менің тұстастарыма, атап айтқанда, қарапайым адамдарға капитализмнің тосыннан келуі ешқандай жақсылық әкелмегендігін сан қайтара айтқан болатынмын. Кейде қатты тиіп, кейде “қабырганды қүйретердей” ауыр соқты. Бірақ оның қашама тағдырды жер қаптырып, естен тандырғанын ескерген де ешкім болған жоқ. Капитализм өзінің тойымсыз аранымен біздің адап жанымызды, кіршіксіз әрі мейірімді жүргегімізді аяусыз жарапады. Бірақ, қалай дегенмен де, үмітіміздің оты сөнген емес.

Социализм тұсында туған менің көптеген замандастарым пысықай, озыры, кейде тіпті екіжүзді адамдардар ғана жол табатын жаңа өмірге бірден көндіге алмады. Иә, біз жарасы жанга батқан қын кезеңдерді бастан өткеріп келеміз. Қайтсек тұрмысымызды оңалтамыз деumen жүргенде санамыздың бұрыннан орныққан жақсылықтардың бәрінен дерлік айырылып қалдық. Менің өзім де достарымның алдында ерекше шабытпен жатқа оқитын өлеңдерімді, туысқандарымның алдында әсерге бөление орындастын әндерімді таза ұмыттым. Бәлкім, өтпелі кезеңде өмір сүргеннен қын ештеңе жоқ дегенді көреген қытайлар тегіннен-тегін айта салмаган болар. Менің замандастарымның көбі, мен сияқты, осынау сынды бағдарынан кешті. Сондыктан да өтпелі кезеңнің төзірек аяқталуын бір Алладан сұрап келемін. Біздің балаларымыз тұрақтылығының іргесі бекіген заманда өмір сүрсе деймін. Бұдан жартығасыр бұрын ұлы түрік, менің аға буын қандасым Назым Хикмет осыны армандаған еді.

Бейбітшілік – бұл кеңістіктегі уақыт. Өмір – бұл тағдырдың өрілімі. Бейбітшілік немесе соғыс, өмір немесе ажал қашанда қосарланып, жарысып отырады. Мұның екеуі де біраз уақыт адамның ырқында болады. Өкінішке қарай, осының жақсылық жақтарын ізгілікті мұраттарға бағыттау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұлардың қайсысының бір-бірінен басым түсіү өз халқын да, басқаларды да

гүлденуге немесе күйзеліске ұшыратуға апаратын билік тұтқасында отырған адамның ақылдылығы мен жүрек сезімталдығына байланысты. Өзімнің көптеген еңбектерімде бұл жайында айттым да. Менің замандастарым және жасы үлкен ағаларым мен апаларым Назым Хикметті, оның жалынды өлеңдерін жақсы біледі. Ол ерекше сымбатты, жаны таза, бойы биік, өні сары, көзі көкшіл, қыран мұрынды, бетінің сзықтары айрықша аңғарылып тұратын адам болатын. Тағы бір қасиеті сол, көпшіл, жүрген ортасына әрдайым шуақ шашатын, бауырмал, өнерде ерекше дарынды еді. Тұла бойынан түркі халқына тән болмыс аңғарылатын. Біздің ата-бабаларымыз – түркілер қандай болғандығын 2011 жылдың ақпанында азербайжандық журналистерге де айтып берген едім.

Мен жиырма жыл (1971-1991жж.) коммунист болдым. Егер де КСРО күйремегендеге, тірі болса, Назым Хикмет те коммунист болып өмірден өтер ме еді, кім білсін?! Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін социализм мен коммунизмнің жарқын мұраттарына қалтқысыз сендей. СОКП-ның “асқар биігі” құламаса, солай болуы да мүмкін еді. Сол кеңестік уақыттың өзінде құдайсыз ұйымның мүшесі бола жүріп, кейбір адамдар Құдайдың барлығына шек келтірген жоқ. Сондай-ақ оны жоққа шығарушылар да болды. Мінекей, КСРО сияқты алып мемлекеттің түп тамырына солар балта шапты. Сондықтан да мына айрықша маңызды жайға әлдекімдер назар аударды ма екен деген ойға батасың. АҚШ сияқты алып мемлекеттің барлық президенттерінің ант қабылдау кезінде “Иә, Құдайым, өзің жар бола гөр” дейтіні неліктен?

Коммунист-ақын Хикмет өз еліндегі саяси жағдайдың құрбаны болды. Түркия XX ғасырдың бірінші жартысында ішкі және сыртқы саясатта: европалану, зайырлы мемлекет, тәүелсіз ел болу сияқты өзгеше жолды таңдауды бастаң откерді. КСРО-мен қарым-қатынас жасауға мейлінше сақтықпен қарады және коммунистерге көзқарастары күрт өзгерді. Хикмет 17 жылын түрмеде өткізді. Мерзімінің аяқталарынан сәлғана бұрын Хикметті Қара теңіз жағалауындағы Трабзон қаласындағы түрмеге ауыстырыды. Ол жерден 1950 жылы, бостандыққа шыға салысымен, КСРО-ға қашып шықты. Үлкен жүректі адам ескекті қайықпен, түн ішінде, компас пен бағдарсыз қашықтығы жүздеген шақырым теңізді жүзіп өтті.

КСРО-да Хикмет Бүкілдүниежүзілік Бейбітшілік кеңесінің мүшесі болды. Орыс тілін үйренді – ол басқаларға тәуелді болуды қаламады, өзін аңдытып қойған Сыртқы істер министрлігі мен қауіпсіздік қызыметкерлерін суқаны сүймеді. Өндірте жазып, баяндамалар жасап, сөз сөйледі. социалистік лагерь елдерін көп аралады. Кеңестік болмысқа шынайы баға берді. Хикметті еске алғандардың барлығы да кез-келген, тіпті бейтанаис адамдармен кездескенде оның өзінің айтарын: “Тында, бауырым...” деп басталатын сөзден өрбітетіндігін айрықша тілге тиек ететін.

Оның көптеген өлеңдері мына жолдарға сыйып тұр десек, еш қателеспейміз:

*Егер мен лаулап жсанбасам,  
Егер сен лаулап жсанбасаң,  
Егер біз лаулап жсанбасақ,  
Ағарын атап таң қашан?*

Оз уақытының атақты перзентінің ыстық жүргегін әрі жан толқынысын жарып шыққан осы бір қанатты сөздердің бүкіл адамзатқа арналғандығына ешкім де шек келтіре алмайды. Ол: ұлтына және діни нағым-сеніміне қарамастан адамдардың бәрін тен санады. Интернационализмді, отаншылдықты және адамдарға сүйіспеншілікті ол сол ізгі дәстүрі және кең мағынасы қалпында түсінді әрі қабылдай алды. Оз уақытында халықтар достығы тура-лы Мұхаммед пайғамбардың өзі егер кімде-кім өзге ұлттың адамын қатты құрметтейтін болса, сол шаттыққа бөленеді деген болатын.

Ол кемел ойдың адамы еді. Оны түріктің Маяковскийі, Хосе Мартиі, түріктің Абайы, түріктің Әлишер Науані десе де артықтығы жоқ. Оған Халықаралық Бейбітшілік сыйлығы (1950) берілген. Ол Мәскеудің Новодевичье зиратына жерленген, оның қабірінің басы зиярат етіп келушілерден күні бүгінге дейін бір арылған емес. Алайда Анатолиядағы ауылдық зираттағы Шынар ағашының түбінде жерлен-сем деген оның арманы әлі күнге дейін орындалмаған күйде қалып келеді.

Иә, Түркияда жарқын және дарынды шығармашылық тұлғалар өте көп. Олардың арасынан мен бүгінде Абасыяныканы, Азиз Не-

син Ақчуринді, Юсуф Асанды, Балелді, Мұстафа Бозокларды, Гюнтекінді, Заимоглуды, Мамедзадені, Кемальды, Оздамарды және көптеген басқаларды атар едім. Сондықтан да менің түркі бауыларыма олардың сындарлы әдебиет саласындағы еңбектерінде әрдайым табысқа жетсін деген шынайы тілегімді білдіргім келеді.

Сонымен қатар менен бұрын Назым Хикметтің шығармашылық жолын зерттеген әрі жазған қаламгерлердің де еңбектерін осы кітапқа қосайын деп шештім. Себебі бұдан елу немесе алпыс жыл бұрын жарық көрген өлеңдерді (газет, журнал, кітаптарда) табу қынға соғып қалды. Социалистік дәуірден капитализмге ауысып біраз аса жоғары рухани құндылықтарымыздан айырылып қалғандай болып отырымыз. Бұл менің жеке пікірім. Өкінішке орай кеңестік дәуірдің үлгілі де және мәдени-рухани сапасы жоғары әдебиетімізден гөрі бүгінгі таңдағы бұл саламыздың деңгейі төмендеген сияқты. Мысалы менің түсінігім бойынша қазақ әдебиетінің шоқ жұлдыздары өткен ғасырдың елу мен сексенінші жылдары арасында едәуір жарқырады. Айттар болсақ, бұл Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Фабит Мұсірепов және де басқа көптеген ұлы қаламгерлеріміздің арқасында. Әлем мәдениетінің оның ішінде әлемдік әдебиеттің биік тे заңгар төбесінен көрініп қалғандай едік.

**Автор**

*Күрметті оқырман сіздердің назарларыңызға Назым Хикмет туралы орыс ақыны Борис Слуцкийдің ой-толғанысын ұсынып отырмын.*

## **Назым Хикмет туралы бірер сөз**

Озіне дейін кереметтік деңгейге жеткен, басында өздерін бақытқа кенелгендей сезінген, көбіне елеусіз сыртта қалған, махаббатты тереңінен толғаған, тамаша филистерлер, алғашқыда биікке самғаған, кейіннен қайғы мен мұңға қамалып, үлкен қаланың қабыргасына телмірген ұлы урбанистер өз қолтаңбаларын қалдырған әлемдік лирикаға Назым Хикмет қандай жаңалық енгізді? Ерекше ыргақтары бар сырбаздар да, философтар да, сөзді жандандырып қолданатын ойшылдар да, қылқаламның шеберлері де, музыканнтар да Назымға дейін бар еді.

Сондықтан да оның шыгармашылығын зерделегісі келгендердің көбі оның бойынан, әрине, филистерлерден басқа, осы лирикалық кейіпкерлердің әрқайсысының сыр-сипатын іздестіруі де, соны табуга тырысуы да кездейсоқтық емес..

Алайда Назымның жаңашылдығы мен оларға ұқсамайтындығы – бұл оның ең алдымен кәдімгі революционер екендігі, ал поэзия көптеген басқа да революция қайраткерлерін өз бойына жақын тұтқан оның өршіл рухының сөнбес шырағына айналғандығы.

Назымның сөз қысындыруы классикалық еліктеушіліктен, еркін өлеңдерге дейінгі өрлеу сатысынан өтті. Өзінің поэзияға көзқарасында ол тұрақтылық қалпынан бір айныған емес.

Десек те, Хикмет пен оның лирикалық кейіпкерлері арасында соншалықты айырмашылық та жоқ.

Ол қалай өмір сүрсе, солай жазды, сол қалпымен тірлік кешті.

Бұл – оның лирикасы.

Оның эпосы – Түркиядағы және бүкіл әлемдегі таптық күрестегі достары мен дүшпандарының өмір шежіресі.

Оқырмандар оның өлеңдерінен өмірбаянының ең бір нәзік те тоғымды сәттерінен деректерді таба алады.

Назым 1902 жылы дәүлетті әрі зиялды отбасында туған.

Байырғы Түркияның билік басындағы туысқандарымен байланысы бар, патшаның немересі, айрықша әскери-теңіз училишесінің курсанты, Назым, жас кезінен өзінің шыққан тегінен қол ұзіп, халықтың жағына шығады.

### Мұны ол неге істеді?

Назымның жастық шагы туған елінің тағдырындағы құрт өзгерістермен, дүниежүзілік соғыспен, Түркияның жеңіліс табуымен және оның басып алғынуымен, интервенттерге қызмет етуге бас иген Түркия билеушілері жасаған сатқындықпен, түрік халқының азаттық құрлесімен тұспа-тұс келді. Іргедегі Ресейде бұл кезде түрік халқы құрлескерлерінің де азаттық жолындағы үміті байланыстырылған ұлы тоңкеріс жүріп жатқан еді. Өз халқына, тәменгі тапқа, кедейлерге шынайы жанашырлығы Назымды өз таңдаудың жасауга итермеледі. Ол өзіне керекті туды, достарын және де дүшпандарын таңдалап алды, содан бастап ол өзінің осы ұстанған бағытынан айнаған емес.

Жиырмасыншы жылдарды Назым КСРО-да – Мәскеу мен Бакуде өткізді. Бұл Назымның революция мен поэзияға айрықша ден қойған үйрену жылдары болды. Ол көптеген революция кадрлары шындалған Шығыс еңбекшілерінің әйгілі Коммунистік университеттінің студенті ретінде тәлім алды. Университеттегі білімімен қоса, ол Мәскеудің ақындары мен режиссерлерінен, әсіресе өзі өмір бойына ерекше қастерлеген Маяковский мен Мейерхольдьдтан көп үйренді. Ақын Мәскеуде, оның пікірталастарында, сахналарында және алаңдарында өзін жат елдің адамы ретінде сезінген емес.

Отызыншы және қырқыншы жылдарда Түркияға оралды. Астырын жұмыспен айналысты. Түрмеге қамалды, ашық және жасырын баспасөздермен ынтымақтаса жұмыс істеді, күнделікті өмірде пъесаларын, мақалаларын, романдарын, және де өлеңдерін жазудан қол үзбеді. Оның шығармалары көшіліктің көзілінен шығып, тіпті жатқа оқылып жатты. Осының барлығы Назымға өз елінің көшбасшы ақыны, қазіргі заманғы түрік поэзиясының іргесін қалаушы мерейі, және де билік басындағы Түркия режимінің аса қауіпті дүшпаны деген атаққа бөледі.

Егер де Назымның қапаста отырган күндерінің бәрін қосатын болсақ, ол он үш жылдан артық – бүкіл өмірінің төрттен бірін құрайды.

1950 жылы әлемдік поэзия тарихында теңдесі жоқ, Назымды босату жолындағы бүкілдүниежүзілік науқан оны тұрмаден құтқарды. Арада біраз уақыт өткенде тағы да жазалаудың болатындығы жайлыш алдын ала ескертілген Назым жас серігімен бірге қайықпен Қара теңіз арқылы Түркиядан қашып шығады. Өмірінің соңғы ширегін Мәскеуде өткізді. Назымның даңқы бүкіл дүниежүзіне жайылды. Назымның бейнесі Түркияның бүкіл бостандық сүйгіш халқының тұрпатына айналды. Қайтыс боларынан аз ғана уақыт бұрын жазған “Өмірбаян” өлеңінде ол былай дейді:

*Отыз-қырық тілде сөзім таралған,  
Отыз-қырық ел сүйсініп қараган.  
Бірақ мені туып-оскен Түркиям,  
Жат адамга, сатқын жсанға балаған.*

Бостандық сүйгіштігі мен күрес жолы Назымда Түркияға, ұлына, жарына ақынның дауысы парапашалар мен радиохабарлары арқылы жеткен туған халқына деген сағынышлен өрліп отырады.

Дегенмен бұл жылдар оның дарынының өрлеген, оның лирикасының жасампаздық қуаты барынша танылған жылдар болды.

Қатардағы коммунистердің қалай өмір сүріп, қалай өлгендігінің, не ойлап, не сезінгендігінің айғақтары көп.

Біздің қолымызда көрнекті коммунист жетекшілердің өмірінен де-рек беретін айғақтар аз да болса бар: ол – Джержинскийдің қунделігі, Грамшидің “Тұрмадегі хаттары” жазбалары, Сикейростың суреттері және басқалар.

Хикметтің поэзиясы – өзінің жеке басының өмірбаяндық сипаттамасы. Назым – бар болмысы, жан-тәнімен көптің ойынан шыққан адам. Ол сонымен қатар сол бір жарты ғасырлық уақытта адамзаттың көшбасшысы болғандар жайында да ашыла айтып кетті. Оларға дәл де нақтылы баға беруге тырысты, өзі де солардың бірі болды.

Назым мейлінше қайырымды әрі жақсы көргендерден есте айны-майтын адам еді: бүкіл өмір бойына Маяковскийді қастерледі, бірақ операны онша ұнатқан емес; алайда көркемсуретті және оны салған адамдарды ерекше бағалады, әсіреле жаңашыл ізденістегілерін ерекше құрметтеді; өзінің дауысының ерекшелігінен қысылмастан ұлken

жыынды ортада өзін еркін сезінуге тырысты. Күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздерге де, саяси терминдерді нақпа-нақ атауға әбден тәселген жан болды. Назым жастарды, әсіресе жас ақындар мен суретшілерді өте жақсы көрді. Ол оларға ауызша да, баспасөз арқылы да, кейде тіпті ақшалай да көмек көрсетті. Ақшасы болмаған кезде телефон арқылы; “Бауырым, поэманды төзірек аударып берсеңіз” деген отінішін жасады. Ол Кеңестер Одағында ұзақ өмір сүрді, оны ерекше қастерлеп, “тұған отанындағы” санады. Бұл оның өлеңдерінің бүкіл өне бойынан танылышты тұрады.

Бірақ, қалай дегенмен де, Назым көшбасшы, революция жетекшісі болып қалды.

Тіпті, сүйіспеншілік, махабbat туралы өлеңдерін айтпағанның өзінде, бәлкім, түрме цензурасы аяусыз сызбалап тастанғанының өзінде оның жырлары адами рух тұрғысында қаншалықты биік екендігін танытып тұрады.

Қаншалықты өмірге құштар жан болған?!

Халқына қалай қызмет етсе де – ол заманындағы ұлы тұлға.

# НАЗЫМ ХИКМЕТ ПОЭЗИЯСЫ

## Брестке мені шығарып салды жан-жарым

Брестке мені шығарып салды жан-жарым.  
Брестке мені шығарып салды жан-жарым,  
Көрдім сосын перронда жалғыз қалғанын.  
Түйір дәндей оранып көкшіл сағымга,  
Тұмшаланды қараңғылыққа жан-жағым.  
Ал бұдан соң көз алдады рельстер жарқылы.  
Ал бұдан соң өте бере польяк жері арқылы,  
Үні жетті құлағыма деген оның: “Қайт, кері!”  
Бірақ мені алыстатты донғалақтар қарқыны.  
Оралуды тағдыр менің мәндайыма жазбады,  
Айта алмадым: “Қайдасың, – деп, – нәзік гүлім жаздағы?”  
Көкірекке өксік толып, көзден жасым парлады,  
Ал бұдан соң қар еріді жалаңаштап жер бетін,  
Шуақ нұрын шашып тұрды көк тәсінен жерге құн.  
Сездім содан мына мені сағынғанын сарғая...  
Тым алыстан көрдім мұңлы жарымның мен келбетін.  
“Ұмыттың ба, ұмыттың ба?..” – дейді маған мұңайып,  
Сығалады көктем қуған қалың бүлттүк күн ойып.  
Ал бұдан соң сымға қонды көк тәсінен жүлдүздар,  
Вагон ішін қара судай баса берді тұн байып.  
Сол перронда қала берді қимай мені жан-жарым,  
Діріл билеп тұла бойын, андамастан жан-жағын.  
Тұрды солай...  
Бағаналар кері қарай жарысты.  
Арындаған поезбенен алыстады арманым,  
Тек есімде қыстыға кеп өксіп-өксіп алғаным.  
Ал бұдан соң – қай көзден бұл – поезда тек келемін,  
Сапардамын, кеудемдегі үміт оты – өлеңім,  
Артта қалды сүйген жар да, өзім сүйген қалалар,  
Көкіректе сағыныш бар, кімге оны беремін?  
Қайда барам?.. Қайда-қайда?..  
Тағдырымнан көремін!

## Үміт

Күн шыққанда қосылып іске реакторлар, синхронды фазотрондар,  
Жер серігі ұшады көкте,

Күн шыққанда жұмыссыздықтан, аштықтан өлген мурделер -  
Тап болған осындай кепке

Көліктерге тиелген қалпы қоқысқа қарай беттейді,  
Қалада қанша болсадағы көп мейлі.

Күн шыққанда қосылып іске реакторлар, синхронды фазотрондар,  
Жер серігі ұшады көкте.

Күн шыққанда үй-іші болып – әйелі және есегіменен  
Тап болған осындай кепке

Шаруа жыртар алақандай өз жерін  
Қосарлап жегіп әйелі менен есегін.

Күн шыққанда қосылып іске реакторлар, синхронды фазотрондар,  
Жер серігі ұшады көкте.

Күн шыққанда Хиросимада он екі жасар жас бала жатыр өлгелі  
Тап болған осындай кепке.

Құрт ауру емес, күл сырқат емес...

Мың тоғыз жұз елу сегіз жылдағы

Жап-жас жапон өлгелі жатыр...

Жазығы жоқ,

Бар жазығы қырық бесінші жылды туғаны.

Күн шыққанда қосылып іске реакторлар, синхронды фазотрондар,  
Жер серігі ұшады көкте.

Күн шыққанда жүзі майлы ұйқыдан тұрып бір ерек мойнына тағып  
қарғысын

Қалың ойлы берілді кепке:

“Кімдерге жала жапсам”, – деп,

“Бастыққа бүгін қалайша, шіркін, жақсам”, – деп.

Күн шыққанда қосылып іске реакторлар, синхронды фазотрондар,  
Жер серігі ұшады көкте.

Күн шыққанда жүргізуші таяқталды жазықсыз... Қаралығы өнінің

Тап болды осындаі кепке.

Ағашқа асып, үстіне шашты бензинді...

Тұтанды от, оранды өртке.

Ал бұдан соң: біреулері – кафесіне бетtedі,  
біреулері – шаш әсемдер шаштаразға бетtedі,  
біреулері – дүкендерін ашпақ жаққа бетtedі,  
біреулері – бара жатты жап-жас қызын өпкелі.

## Ленин туралы

Ол өлмейді!  
Ешқашан да өлмейді!  
Тарихтың буралаңында  
Басқадан бұрын от кешкен,  
Толқындың теніз жылағанында,  
Жарығын жағып септескен,  
Адам өлмейді!  
Мәңгілікке көзден қалай көшеді,  
Жұмысшылар, большевиктер көсемі?

## Түрмедегі тұтқынның хаты

...Үшінші хат

Күн жексенбі.

Бір сағатқа серуенге шықтым мен.

Сонда алғаш мына жайды ұқтым мен:

Қаншалықты менен аспан тым алыста екенін,

Қаншалықты кекшіл түсі тым таныс та екенін,

Қаншалықты шетсіз, шексіз бейтаныс та екенін

Шымыр еткен жүргегімнің сыздауынан білем мен.

Қабыргаға тіреп сосын арқамды

Жерге жайлап отырдым мен жүремнен.

Жауыздыққа соққы беру қандайлығын ұмыттым,

Күрес пenen еркіндікті,

Сүйген жардың айдайлығын ұмыттым.

Тек жер менен қүн, және де мен

Бақыт дәмін татып сонда тұрыппын...

## **Ертегінің ертегісі**

Су бетінде тұрмыз біз-  
шынарменен және мен.  
Тынық суда бейнеміз -  
шынарменен және мен.  
Толқындарын жағалауға жаяды,  
жүзімізді жуып-жуып қояды.

Су бетінде тұрмыз біз -  
мысық, шынар және мен,  
Тынық суда бейнеміз -  
мысық, шынар және мен.  
Толқындарын жағалауға жаяды,  
Жүзімізді жуып-жуып қояды.

Су бетінде тұрмыз біз -  
құн мен мысық, шынарменен және мен.  
Тынық суда бейнеміз -  
құн мен мысық, шынарменен және мен.  
Толқындарын жағалауға жаяды,  
жүзімізді жуып-жуып қояды.

Су бетінде тұрмыз біз -  
құн мен мысық, шынар мен мен, тағдырымыз және де.  
Тынық суда бейнеміз -  
құн мен мысық, шынар мен мен, тағдырымыз және де.  
Толқындарын жағалауға жаяды,  
жүзімізді жуып-жуып қояды.

Су бетінде тұрмыз біз.  
Алдымен мысық кетеді, жоғалар оның бейнесі.  
Содан соң мен де кетемін, жоғалды дегін бейнесі.  
Шынарга кезек жетеді, жоғалар оның бейнесі.  
Сарқылып барып су кетер, құн қалады аспанда.  
Қызара келіп жоғалар қараңғылық басқанда.

Су бетінде тұрмыз біз -  
күн мен мысық, шынар мен мен, тағдырымыз және де.  
Су салқындау, шынар биік, жырларымды оқимын.  
Мысық қана көзін жұмып мұлгіп-мұлгіп қояды,  
жылылықты бергендіктен күн шуағы денеге.  
Шүкір Алла! Тірлікке кім тояды?!

Күн мен мысық, шынар мен мен, тағдырды да және де  
су тазартып қояды.

## **Жаңғақ ағашы**

Басым менің – қалың тұман, шалқыған теңіз көнілім,  
Мен жаңғақтың ағашымын Гюльхан саябағының,  
Бұтактарым жайқалған бүл – толқыған ол бір өмірім!  
Полиция, сен де білмес адамымын баябанымның.

Мен жаңғақтың ағашымын – Гюльхан саябағының,  
Жапыраққа таңдан таңға қолын созсын аспаным.  
Бәрі жібек орамалың – белгісі аяғаныңың,  
Соларменен, сүйіктім- ау, құрғат көздің жастарын.

Бір жапырақ – қолым менің, жұз мың қолмын санасан,  
Жұз мың қолды создым саған, тебіреніп Стамбул.  
Жапырақтар – менің көзім, тоймас қанша қарасам,  
Келдім саған, туган жерім, еміреніп, Стамбул.

Жапырағым – жұз мың жүрек...  
Келгені сол аялағымның.  
Мен жаңғақтың ағашымын Гюльхан саябағының,  
Полиция, сен де білмес адамымын баябанымның.

## **Тағы да тұған ел туралы**

Тұған елім, тұған елім, тұған жер,  
Басқа киген телпегім де жоқ менің.  
Аяқ киім тозған жолда...  
Пендеңін ғой қуған жел.  
Өзім білем үстімдегі қой терісі күртениң  
Күн жеп әбден қөндей болып кепкенін.  
Сондықтан да маңдайыма әжім болып жазылдың.  
Жүргегіммен аяладым...  
Тұған елім, мен өзінді сағындым.